

Қызылорда қаласының көшелерін атау және қайта атау туралы

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы N 745 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 24 қазандағы N 223 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 қарашада N 4801 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2014 жылғы 4 қыркүйектегі қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 19.02.2025 № 37 бірлескен қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 19.02.2025 № 149 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қызылорда қаласының мына көшелері:

- 1) Береке көшесі Мерғали Ибраев есімімен;
- 2) Жалағаш көшесі Оралхан Камардинов есімімен;
- 3) Проектная көшесі Алексей Донской есімімен;
- 4) Сәулет - 9 көшесі Абайділдә Дәулетбаев есімімен;
- 5) Сәулет - 27 көшесі Шәдібай Абдуллаев есімімен;
- 6) "Саяхат - 2" көшесі Әнес Өтегенов есімімен;
- 7) "Саяхат - 4" көшесі Абылай Айдосов есімімен қайта аталсын.

2. Қызылорда қаласының "Арай" мөлтек ауданындағы Оралбек Әбдімомынов көшесіне параллель орналасқан оң жағындағы бірінші көшеге Ұзақ Оралбай есімі берілсін.

3. Алынып тасталды - Қызылорда облысы әкімдігінің 10.12.2015 № 261 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 10.12.2015 № 329 шешімімен (қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

31-сессиясының төрағасы

*Қызылорда облыстық
мәслихаты хатшысының
міндетін атқарушы*

Н. Ерманов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК